

2011 жылғы 1 қазандағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

2011 жылғы тоғыз айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 22,1%-ға көбейіп, 129 649,5¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.		1.10.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	106 142,8	100,0	129 649,5	100,0	22,1
Міндетті сақтандыру	28 116,5	26,5	34 283,1	26,5	21,9
Ерікті жеке сақтандыру	25 490,0	24,0	37 887,6	29,2	48,6
Ерікті мүліктік сақтандыру	52 536,4	49,5	57 478,8	44,3	9,4

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 21,9%-ға асып түсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсу 48,6%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша өсу – 9,4%-ды құрады.



2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 56,4% (19 324,4 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 36,3% (12 432,6 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін

атқарған кезде оларды жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, 2,3% (801,2 млн. теңге) тасымалдаушының жолаушы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,0% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 21,0% (7 943,5 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 27,9% (10 587,1 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 9,2% (3 469,3 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 41,9% (15 887,6 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда – автокөлікті сақтандыру бойынша – 5,1% (2 919,0 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 50,2% (28 832,3 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 14,8% (8 480,5 млн. теңге), басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 16,6% (9 558,4 млн.теңге) және басқалар бойынша – 13,3% болды.

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетіліп отыр

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қарастыру кезінде негізгі үлес Алматы қаласына – 48,1% (62 399,4 млн. теңге), Қарағанды облысына – 7,8% (10 073,7 млн. теңге), Астана қаласына - 7,1% (9 161,0 млн. теңге), Атырау облысына – 5,1% (6 625,5 млн. теңге), және басқаларға – 31,9% келеді.

Сақтандыру сыйлықақыларын экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлу былайша көрініс алады: кен өнеркәсібі саласындағы сақтандыру – 24,2% (31 414,7 млн. теңге), жеке тұлғалар бойынша – 38,9% (50 399,4 млн. теңге), өңдеуші өнеркәсіп саласы бойынша – 9,1% (11 811,9 млн. теңге), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалдау және тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша – 6,1% (7 869,5 млн. теңге) және басқалар – 21,7%.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.		1.10.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	106 142,8	100,0	129 649,5	100,0	22,1
Өмірді сақтандыру	12 657,6	11,9	19 356,9	14,9	52,9
Жалпы сақтандыру	93 485,2	88,1	110 292,6	85,1	18,0


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 19 356,9 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 52,9%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік күнде 2010 жылғы 1 қазанда 11,9%-ға қарсы 14,9% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2011 жылғы 9 айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 110 292,6 млн. теңге болды, бұл 2011 жылғы осындай кезеңге қарағанда 18,0% -ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



"Жалпы сақтандыру" бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 49 787,9 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 38,4%-ды құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 30,3% берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 16 968,8 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы резиденті еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 6 095,7 млн. теңгені құрайды.


млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.	
	сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %	сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	46 712,7	44,0	49 787,9	38,4
резидент еместерге	42 024,3	39,6	39 334,6	30,3
резиденттерге	4 688,4	4,4	10 453,3	8,1
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 899,1	5,6	6 095,7	4,7



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 83,1%, міндетті сақтандыру бойынша – 15,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,6% болды.

Сақтандыру төлемдері



2011 жылғы 9 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 65,5%-ға көбейіп, 30 989,2² млн. теңге болды. Бұл ретте қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 23,6% (7 308,2 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Страховые выплаты	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.		1.10.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	18 722,1	100,0	30 989,2	100,0	65,5
Міндетті сақтандыру	7 107,6	38,0	8 379,2	27,0	17,9
Ерікті жеке сақтандыру	9 290,4	49,6	15 060,1	48,6	62,1
Ерікті мүліктік сақтандыру	2 324,1	12,4	7 549,9	24,4	3,2 есе

² сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетілген

2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 55,1% (4 616,8 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша 42,0% (3 521,1 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 2,2% (188,2 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,7% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 39,7% (5 975,5 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 2,1% (319,8 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 57,1% (8 604,9 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 1,1% (160,0 млн. теңге) болды;

ерікті мүлдіктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 56,6% (4 270,9 млн. теңге); жүктерді сақтандыру бойынша – 2,3% (173,0 млн. теңге); мүлдікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 15,0% (1 132,0 млн. теңге); автомобиль көлігін сақтандыру бойынша - 12,5% (944,2 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (көлік, әуе, су көліктері иелерінің АҚЖ сақтандыруды қоспағанда) бойынша - 5,1% (382,7 млн. теңге) және басқалар – 8,5% болды.

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша тура сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін қарастыру кезінде негізгі үлес Алматы қаласына 31,9% (9 890,9 млн. теңге), Қарағанды облысына – 22,7% (7 031,5 млн. теңге), Астана қаласына – 9,5% (2 943,15 млн. теңге), Атырау облысына – 5,5% (1 702,4 млн. теңге) және басқаларға – 30,4% келеді.

Сақтандыру төлемдерін экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлу былайша көрініс алады: кен өнеркәсібі саласындағы сақтандыру – 12,9% (2 828,8 млн. теңге), жеке тұлғалар бойынша – 48,1% (14 891,2 млн. теңге), өндеу өнеркәсібі бойынша – 17,9% (5 537,1 млн. теңге), басқалар – 21,1%.

2011 жылғы 9 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі аннуитеттік сақтандыру бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 27,8%-ы болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокері және 83 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.10.2010ж.	1.10.2011ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	40	38
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	14
Актуарийлер саны	65	83

Есепті күнге 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 221 980,9 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.10.2010ж.	1.10.2011ж.	1.10.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	339 707,4	364 213,4	7,2
Міндеттемелер	138 685,6	142 232,5	2,6
оның ішінде сақтандыру резервтері	120 994,3	121 515,9	0,4
басқа да міндеттемелер	17 691,3	20 716,6	17,1
Меншікті капитал (баланс бойынша)	201 021,7	221 980,9	10,4

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы 1 қазанда 364 213,4 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 қазанда осындай көрсеткіштен 7,2%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.		1.10.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	20 175,5	5,9	22 613,5	6,2	12,1
Орналастырылған салымдар	74 666,6	22,0	86 032,5	23,6	15,2
Бағалы қағаздар	151 612,7	44,6	175 695,9	48,2	15,9
«Кері РЕПО» операциясы	6 496,1	1,9	6 467,5	1,8	-0,4
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	15 548,2	4,6	17 338,0	4,8	11,5
Негізгі қаражат	4 938,3	1,5	6 761,1	1,9	36,9
Қайта сақтандыру активтері	50 200,3	14,8	29 945,3	8,2	-40,3
Басқа дебиторлық берешек	10 714,8	3,2	12 762,5	3,5	19,1
Басқа активтер	5 354,9	1,6	6 597,1	1,8	23,2
Активтер жиынтығы	339 707,4	100,0	364 213,4	100,0	7,2

Міндеттемелер. 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 142 232,5 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 2,6%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 121 515,9 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 қазанда қалыптасқан резервтердің көлемінен 0,4%-ға көп.

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен



Инвестициялық портфель

млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.10.2010ж.		1.10.2011ж.		1.10.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	51 028,8	21,9	47 579,3	17,7	-6,8
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	74 666,6	32,1	86 032,5	32,1	15,2
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	5 497,5	2,4	8 424,8	3,1	53,2
Инвестициялық қорлардың пайдалары	150,9	0,1	504,1	0,2	в 3,3 раза
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	75 199,7	32,3	98 087,6	36,6	30,4
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	5 776,6	2,5	6 584,3	2,5	14,0
ҚР эмитенттерінің – резиденті еместердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	13 959,2	6,0	14 514,9	5,4	4,0
«Кері РЕПО» операциясы	6 496,1	2,8	6 467,4	2,4	-0,4
Туынды құралдар	-	-	1,0	0,0	-
Жиынтығы	232 775,4	100,0	268 195,9	100,0	15,2

Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қарастырып отырған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 30,0%-ы және сақтандыру төлемдерінің 31,0%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниялардың үлесі 52,2% құрады.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	1.10.2010ж.	1.10.2011ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	42,0	37,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	51,3	50,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	32,9	25,4
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	37,0	39,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,2	52,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	62,4	62,8

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.10.2010ж.	1.10.2011ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	19 303,6	26 310,2 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,55	0,49 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,04	0,84
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,76	1,38
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	6 556	7 812,8

³ – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында мақұлданған 2009-2013 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Үкімет отырысының 26.08.2008 жылғы №32 хаттамасы)).

⁴ - 2011 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.09.2011 ж. бойынша 16 594 417 адам.